

**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУДІ ДАМУДЫҢ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» КММ**



**ТЕҢГЕ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК НЫШАНЫ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СИМВОЛ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН- ТЕНГЕ**
*(мұғалімдерге арналған ақпараттық материал
информационный материал для учителей)*

Павлодар, 2016

Құрастырғандар: С.Ш. Слямова, педагогика ғылымдарының магистрі, Павлодар облысы білім беру басқармасының «Білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығы» КММ директоры,

Б.Т.Аушахманова, әлеуметтану ғылымдарының магистрі, Павлодар облысы білім беру басқармасының «Білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығы» КММ әдіскері,

Алғы сөз

Қазақстанның қазіргісі мен болашағы үшін теңгені енгізудің тарихи маңыздылығына объективті баға беруге мүмкіндік береді. Өзіміздің ақша бірлігімізді енгізу Қазақстанның экономикалық егемендігін іске асыру үшін негіз болды.

Болашақ жастар мен оқушыларды Қазақстан Республикасының нышандарын құрметтеуге, Отанға деген мақтанышы мен сүйспеншіліктерін тәрбиелеу.

Введение национальной валюты дает возможность объективно оценить настоящее и будущее Казахстана. Основой реализации экономической независимости Казахстана является введение своей денежной единицы.

Привить учащимся и молодежи уважение к государственным символам Казахстана, воспитывать чувства любви и гордости к Отечеству

«Біздің еліміздің экономикалық тәуелсіздігінің жарқын туындысы – біздің астанамызда теңгенің алғашқы пайда болуы, халықтың және болашақ ұрпақтың игілігіне қызмет етсін»

1995 жылғы 19 мамыр

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев

1993 жылдың өн бойында Н.Ә.Назарбаев Парламент пен республика үкіметі бар күшін ТМД елдері экономикасын интеграциялауға бағыттады, ол өзара пайдалы ынтымақтастықтың артықшылығын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін еді. Қалыптасқан жағдайдан шығу жолын іздеген Қазақстан жаңа типтегі сом аймағын құруды ұсынды. Қазақста Ресей басшылығының тең құқықты негіздегі жаңа сом аймағы құрылатыны туралы мәлімдемесін бірнеше мәрте алды.

Қарашаның басында республика Премьер-Министрі С. Терещенко бастаған Қазақстан делегациясы Қазақстанның бірыңғай сом аймағына ену туралы шартқа қол қою мақсатымен Мәскеуге барды. Алайда келіссөздер барысында ресейдің жаңа талаптары көбейе берді, түптеп келгенде олар Қазақстанды экономикалық егемендігінен айырумен шектесетін талапқа тірелді. Сонымен бірге көрші мемлекеттерден Қазақстанға ескі үлгідегі сомдардың көптеген төгілуі 1993 жылғы қарашаның соңына қарай республиканың ақша жүйесін тұралатты, инфляцияны өршітті, ескі және «жаңа» үлгідегі сомның арақатынасы өзгергісін күрт арттырды. Осы жағдайлардың бәрі тұрғындардың тіршілік деңгейіне мүлде кері әсет етті.

Қалыптасқан жағдайды жан-жақты талқылап, Қазақстан Республиксының басшылығы өз валютасын енгізу керек деген шешім қабылдауға тоқталды. Республика Президенті Қазақстан Республикасы

тұрғындарына үндеу жариялайды. Ашық принциптеріне сүйене отырып Қазақстан Ресейді, басқа да ТМД мемлекеттерін осындай қадамы туралы уақытында хабардар етті. Өз валютасын енгізерде қазақстан өзге мемлекеттердегі ақша реформасы мен ұлттық валютаны енгізу тәжірибесін есепке алды. Ұлттық валюта енгізудің сынағы мен болжамы анықталып, жаңа ақша белгісінің үлгілері жасалды. Қазақстан үкіметі мен ұлттық банк ұлттық валюта банкноттарын дайындауға кірісті. Алдымен қазақстандық дизайнерлер тобы құрылған. Топтың құрамына Мендібай Әлин, Тимур Сүлейменов, Ағымсалы Дүзелханов, Хайролла Ғабжәлелов сынды шеберлер кірген. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен ұлттық валюта – тенге – 1993 жылы 15 қарашадан айналымға енгізілді.

Тенге құнының тұрақтылығы мен жоғары сатып алушылық қабілетін сақтау, реформаны дұрыс өткізу үшін және мүмкін болатын әлеуметтік қиындықтарды барынша азайту жағдайлары қарастырылды. Осы мақсатта жергілікті жерлерде ұлттық валютаны енгізудің өкілетті өкілдерінің мемлекеттік комиссиясы құрылды, оған қысқа мерзімде барлық қажетті нормативтік базаны дайындау тапсырылды, валюта рыногының жұмыс істеу тетіктерін ұйымдастыруға, тұрғындар үшін ақша айырбастау жағдайын жеңілдетуге құқық берілді. Қазақстан үшін өзінің ұлттық валютасын ендірудің экономикалық емес, үлкен саяси мәні бар еді. Ұлттық валютаға өту қазақстанға әлеуметтік-экономикалық реформалар бағытын жалғастыруға мүмкіндік берді, ол енді тәуелсіз егемен мемлекет есебінде жүргізілді. Осы бір күрделі кезеңде ірі халықаралық қаржы ұйымдары Қазақстанның өз ұлттық валютасын енгізу жөніндегі шешімін қолдады.

Ұлттық теңге - мақтанышымыз

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларға Қазақстанның ұлттық валютасы теңге туралы,оның шығу тарихы, негізгі қасиеттері туралы білімдерін кеңейту, одан әрі дамыту, елімізді құрметтеу, жан-жақты даму, патриоттық сезімді дамыту.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ

Пән аралық байланыс: Құқықтану.

*Сабақтың әдістері:*постер жасау, талдау, салыстыру, іздену, ой қозғау әдісі

Жұмыс түрлері: фронталдық, жеке, топтық, ұжымдық, жұптық, рөлдік ойын...

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, суреттер, банкноттар.

Сабақтың барысы:

Шаттық шеңбер құру«Атом-молекула» ойынын өткізу. Сыныпты екі топқа бөлу.

1. Топ. «Теңге», 2 топ. «Тиын». Топқа бөліну себебін сұрау.

Қызығушылығын ояту.«Теңге» деген жазуы бар плакатты тақтаға іліп қоямын. Оқушыларға стикерлерге теңгеге қатысты бір-бір сөз жазуды тапсырамын. Оқушылар сөз жазған қағаздарын плакатка жапсырады. Осыдан кейін жалпылама сұрақ қоямын.

Ақшаның адам өмірінде алатын орны қандай?
Оқушылардың пікірін тыңдап ары қарай жаңа сабаққа өту.

Мағынаны ажырату.

Интербелсенді тактадан слайдтар-берілген теңгедегі тарихи тұлғаларды атау, кім екені туралы айту. «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау.

Тапсырма: Мәтінді бөліп оқу, түсінгенін постерге салу.

1-топ. Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз демократиялық мемлекет. Оның өз Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы бар.

Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде

пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы.

Халқымыз теңгені бұрын да пайдаланған. Ерте замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда жасаған.

Ұлттық валютамыз Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 қарашадағы жарлығымен 1993 жылы 15 қараша күні таңертеңгі сағат 8:00-ден бастап енгізілді. Қазақ теңгесі Англияда басылды. Қазақстан теңгесін Ұлыбританияның «Харрисон» фирмасы жасап шығарған. Теңге *металл* және *қағаз* түрінде болады. Алғашқы шыққан теңгелерде белгілі тұлғалардың суреті салынған. 3 теңгелікте Сүйінбай, 5 теңгелікте Құрманғазы, 10 теңгелікте Шоқан, 20 теңгелікте Абай, 50 теңгелікте Әбілқайыр, 100 теңгелікте Абылай суреттері, ал 1, 200, 500, 1000, 2000, 5000 теңгеліктерде әл-Фарабидің суреттері бейнеленді. Қазіргі кезде теңгені өз елімізде жасайды.

2-топ. Ұлттық теңгеміздің шеттері қазақтың ою-өрнектермен безендірілген. Бірінші бетінде қазақ халқының әйгілі ұлы тұлғаларының бейнелері басылды. Екінші бетінде ою-өрнектер, табиғат көріністері бейнеленіп, елтаңбамыз салынған.

Теңгенің 16-ға жуық құпия қорғанысы, белгісі бар. Ұлттық валютамыздың дизайнын жасаушы авторлық топтың жетекшісі Тимур Сүлейменов болды.

Теңге – біздің дербес ел болғанымыздың белгісі. Басқаның валютасына тәуелді болу – барлық байлығыңды біреудің билігіне беру. Ұлттық валюта – еліміздің даму көзі, әлемдік деңгейге теңелудің алғашқы факторларының бірі. Ол барлық уақытта тәуелсіздігімізді қамтамасыз етеді.

«Тиыннан теңге құралады», - демекші, ақшаны үнемді пайдалану керек.

Постерді қорғау, сұхбат жүргізу. «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалау.

Тапсырма: әлемнің біраз мемлекетінің қазіргі кезде қолданыста жүрген валюталарын жаздыру. Мысалы:

АҚШ-доллар, Ресей-рубль, Қытай-юань, Түркия-лира т.б.

Тапсырма: Терминдермен жұмыс.

Нумизматика - ақша айналымының тарихын зерттейтін ғылым саласы. Нумизматиканың негізін салушы австриялық коллекционер, оқымысты И. И. Эккель (1734-1798).

Пегуния - латын тілінен аударғанда ақша ұғымын білдіретін сөз.

Дарик - парсы патшасы Дарий шығарған алғашқы таза алтын ақша.

Ақша - қандай да бір заттың құнын білдіретін белгі немесе бірлік.

1993 жыл 15 қараша теңгенің айналымға енгізілуі.

1 топ тапсырмасы.

Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығынын анықтандар		
	дұрыс	бұрыс
1 Қазақстан валютасы басқа елден әкелінеді.		
2 Ақша – халық байлығы.		
3 Теңгеде 6-ға жуық құпия белгі бар.		
4 Ұлттық теңге дербес ел болғанымыздың белгісі?		
5 Ұлттық валютамыздың дизайнын жасаушы авторлық топтың жетекшісі Шәкен Ниязбеков.		
6 Тиыннан теңге құралады.		
7 Ұлттық валютамыз 1991 жылы 16 желтоқсанда айналымға енді.		

2 топ тапсырмасы.

Дұрыс - бұрыс

1. Тәуелсіз елдің басты белгілерінің бірі - ұлттық ақшасы.
2. Қазақстанның төл тенгесі 1993 жылы қазан айында шықты.
3. Теңгенің шеттеріне ою - өрнек салынған.
4. Теңгемізде мемлекеттік тудың суреті салынған.

Ой қозғау.

Бесжолдық өлең. (үлгі)

Теңге (тақырып, 1 сөз)

Құнды, сиқырлы (екі сын есім)

Арнаулы шеберханада жасалған(қимыл, іс-әрекет,3 сөз)

Туған елімнің айрықша белгісі(сезім, 4 сөз)

Қазына.(синоним, 1 сөз)

Бағалау. Сабаққа белсенді қатысқан сынып оқушыларын теңге суреті бар тәтті сыйлықтармен марапаттау.

«Ұлттық теңге – мақтанышымыз!»

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Ұлттық ақшамыз теңге туралы түсінік беру.

Ақша түрлері (қағаз, темір, ірі, ұсақ) туралы ұғымдарын тереңдету. "Теңге" ұғымын қалыптастыру.

Тәрбиелік: Балалардың қызығушылығын арттыру, тиянақтылыққа, бірін - бірі тыңдай білуге тәрбиелеу.

Дамытушылық: Балалардың зейіні мен логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін дамыту.

Сабақтың барысы:

Оқушыларды түстер арқылы топқа бөлу.(Оқушылар көк,сары жасыл,қызыл түстерді қалауынша таңдап алып, топқа бөлінеді)

«Шаттық шеңбері»:

Оқушылар дөңгеленіп тұрып, қол ұстасып, бірлесіп айтады:

Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де

Қуанайықдостарым,
Арайлапатқанәркүнге!

Мұғалім оқушыларға сұрақтар қояды:

1. Теңге дегеніміз не?
2. Теңге не үшін қажет?
3. Теңгенің қандай түрлері болады?
4. Теңге қайдан келеді?
5. Теңгені қалай ұстауымыз керек?

1-оқушы: Теңге дегеніміз –

2-оқушы: Теңге күнделікті өмірге қажетті заттарды сатып алу үшін қажет.

3-оқушы: Қағаз, темір, күміс, мыс, ірі, ұсақ және т.б.

4-оқушы: Жұмыс істегенде берілетін ақы.

5-оқушы: Теңгені үнемдеп ұстауымыз қажет

Мұғалім: Ал енді біз топпен жұмыс жасаймыз. Әр топқа тапсырмалар беріледі, тапсырманы орындауда энциклопедияларды, интернет желілерін пайдаланатын боласыздар:

1-топ: Ақшаның шығу тарихы

2-топ: Әр елдің валютасы

3-топ: Ұлттық валютамыз – теңгенің шығу тарихы

4-топ: Ұлттық теңгелерді суреттеу

Әр топ өз тапсырмалары бойынша мәлімет жинап, постерге түсіреді.

1-топ:

Ақшаежелгізаманда пайдаболды. Олартауарөндірісініңдам уындағыбірден-біршартжәнеөнімболыптабылады. Тауар - бұлсатунемесеайырбастауүшінжасалынғанеңбекөнімі.

Адам еңбегініңөнімі - зат, оны тудыраотырып, тауарформасынқабылдайды.

Заттардыңтауарғаайналуыақшаныңпайдаболуындағыобъективтіалғышарттардықұрайды. Бірақкез-келгензаттауар бола алмайды.

СоныменқатаракшаретіндесонауЕжелгі Спарта кезеңдеріндебасқадаметалдарды да пайдалынабастады. Жапонияда, Африкада темір, мырыш,

қорғасын пайдаланылды.

Ақшаның өндіргіш күштер

мен тауар қатынастарының біршама жоғары дамуының нәтижесін деп айда болғандығы ертеректен бізге белгілі.

Ақшаның жаратылысының зерттегендегі басты анық болғаны, оның тауарлышығу тегіне байланыстылығын көрсетеді.

Тауар сатуға немесе айыр бастауға арналған еңбек өңімі. Осы еңбек өңімінің тауарға айналуы ақшаның пайда болуының объективтік алғышарттарын туғызады. XVI- XVIII ғасырларда мыс тиындар қолданыста жүріп, Қазақстанның Орта Азия мемлекеттерімен және Ресеймен сауда-саттық байланыста болғанын айғақтайды. Қазақтың «төнге» деген ақша атауының орыстың «деньги» деген сөзі шыққан. Ерте замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда жасаған.

2-топ:

Куба	песо
Үндістан	рупия
Иран	риал
Қырғызстанда	сом
Ресей	рубль
Германияда	марка
Америкада	доллар
Ұлыбритания	фунт
Украинада	гривна
Қытайда	юань
Тәжікстанда	манат
Түркияда	лира
Латвияда	лат
Кореяда	йена
Монголия	тугрия

3-топ:

Қазақстан 1991 жылдың желтоқсанында тәуелсіздігін жариялағаннан кейін өзінің нағыз дербес мемлекет екендігін паш еткен оқиғалардың бірі – төл валюта –

теңгені айналымға енгізуі болды. Осы кезден бастап мемлекеттің экономикалық құрылымы түбегейлі өзгеріп, жаңадан жасақтала бастады. 1992 жылы елде төрт адамнан құралған дизайнерлер тобы жасақталды. Теңгенің авторы болу бақыты дизайнерші Тимур Сүлейменов, қылқалам шеберлері Қайролла Ғабжалилов, Мендібай Әлин мен Ағымсалы Дүзелхановтың үлесіне тиді. Олар Ұлыбританияның дымқыл ауасын жұтып, үлкен еңбектерінің нәтижесін теңгені елге жеткізді. 1993 жылдың 15 қарашасында теңге айналымға енді. Осы тарихи күннен бастап 15 қараша Қазақстанда ұлттық валюта күні деп аталады. Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі-ұлттық валюта.

4-топ:

200 тенге-негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің үйі және Астанада Есіл өзені арқылы көпірде орнатылған қанатты барыстың біреуі, артқы жағында ҚР Қорғаныс министрлігі және жайлау. Сол жақ төменде оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде-орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескеретін «Подделка банкнот преследуются по закону» деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан.

500 тенге –Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Қаржы министрлігінің үйі, Астана қаласы әкімшілігінің үйі, артқы жағында теңіз үстіндегі шағала. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде-орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі орыс тіліндегі жазу

ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан. Негізі бейнесі: Қазақстан қартасының контуры, алдыңғы жағында Президент мәдени орталығының үйі, артқы жағында таулар. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде – орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан.

2000 теңге - Қазақстан қартасының контуры, алдыңғы жағында Алматы қаласындағы Абай атындағы опера театры, артқы жағында тау өзені. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан.

5000 теңге-Қазақстан қартасының контуры, алдыңғы жағында Қазақстан Республикасының Президентінің Ақорда резиденциясы, артқы жағында каньондар. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан.

10000 теңге- өлшемі: 149х79 мм. Басым түсі: күлгін көк. Бет жағында: суреттер негізінен тігінен орналасқан. Негізгі бейнелер: банкнотаның оң жағында «Қазақ Елі» монументі және төменгі бөлігінде ортада ұшып жүрген кептердің бейнесі. Жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары бейнеленген: мемлекеттік елтаңба және мемлекеттік ту. Сол жақта төменде және жоғары жақта номиналдың цифрлық белгіленуі басылған, сол жақта ортада – номиналдың мемлекеттік тілдегі әріптік белгіленуі жазылған.

Оқушылар тақтаға шығып, әр топ өз постерлерін қорғайды.

Мұғалім:

– Жоғарыда айтылғандай, еліміздің Тәуелсіздігі мен ұлттық валюта – ажырамас ұғымдар. Ал теңгеміздің орнықты болуы, сонымен қатар, қаржы саласының тұрақты болуы тәуелсіздігімізді арттыра түсетіні хақ. Біз әлі жас мемлекетпіз. Солай бола тұрса да 25 жылда біраз жаксылыққа куә болып үлгердік. Әлі де асар асуымыз, алар

белесіміз алда. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан республикамызға «Көк байрағың биіктеп, арманыңа жет, Алашым!» деп тілек айтпақпыз. Тәуелсіздік таңы арайлап атып, егемендігіміз еңселі бола берсін дей келе бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Баршаңызға зор денсаулық, бейбіт өмір тілеймін.

Ұлттық тенге- мақтанышымыз

Сабақтың мақсаты: Оқушылар Қазақстанның ұлттық тенгесінің шығу тарихын, ұлттық валюта туралы білу, түсіну, салыстыру.

Міндеттері:

– Диалогтік әңгіме жүргізеді, өздігінен тақырыпты меңгереді, қызығушылықтары артады, тақырып мазмұнын түсініп, өз идеясын ұсынады, ойларын жүйелей алады.

Табыс критерийлері:

- тақырып бойынша жұмыс жасай аламын;
- сыныптастарымның пікірін тыңдаймын;
- өз ойын мүмкіндігінше жеткіземін;

Сабақ түрі: Жаңа білімді меңгерту сабағы

Ресурстар: Интербелсенді тақта, флипчарт, маркер, бағалау парағы, қарындаш, өшіргіш, фломастерлер, түрлі-түсті стикерлер, "Бағдаршам", карточкалар. Фотоаппарат

Стартегиялар: «Өткенді еске түсір» стратегиясы, «Көршіңмен әңгімелес», «Ыстық орындық», «Өткенді еске түсір», «Көршіңмен әңгімелес», «ДЖИКСО», «Ыстық орындық» «Менің пікірім», «Блұб ағашы»

Сілтеме : Қазақстан тарихы. 5-сынып.

Күтілетін нәтиже:

- Сыни ойлау дағдылары артады.
- Өздігінен тақырыпты меңгереді.
- Қызығушылықтары артады.
- Тақырыптың мазмұнын түсініп, өз идеясын ұсынады.

Дағдылар	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар	Әдіс-тәсілдері
Білу	Ұйымдастыру. Отырған топташаттық шеңбер. Бір-біріне тілектер айтып. Сәттілік тілейді. Топ басшысын сайлатып, бағалау парағын беру. «Өткенді еске түсір» әдісі. Оқушыларға стикерге жалызған сұрақтар беріледі. (өткен тақырыпты еске түсіру) -Жаңа тақырыпты ашу. -Электронды оқулықтан мағлұмат тыңдау	Оқушылар топта бір-бірлеріне сәттілік айтып, тілек тілейді. Топтық ұстанымын құрады Топ басшы сайлайды. Оқушыларға стикерге жазылған сұрақ таратылады. Толық маңызы түрде жауап береді. <i>Мағлұматты тыңдаған соң жаңа тақырыпты анықтайды</i>	Стикер	СТОу ОМОЖ Т ДО АКТ

Түсіну	"Көршіңмен әңгімелес" әдісі Оқушылар оқулықтың «Ұлттық тенге-мақтанышымыз» туралы тақырыбын оқып топпен талдап, мазмұнын ортаға салып жұмыс жасайды. (жеке, жұппен, топпен)	Оқушылар оқулықтың «Ұлттық тенге-мақтанышымыз» тақырыбын ашып, оқып, жұппен әңгімелеп, топта талдайды(жеке, жұппен, топпен)	Оқулық	СТОу ДО
Талдау	«ДЖИКСО» әдісі бойынша екі топқа тақырыпшала рды бөліп беру. I топ: Нумизматика дегеніміз не? II топ: Тенгенің шығу тарихы	Бұнда оқушылар тақырыпты оқып, топта бір спикерді (әңгімелеуге) қалдырып, басқа оқушылар үй тобынан жұмыс тобына тыңдаушы болып ауысады.	Оқулық, дәптерлері. Кесте	СТОу ОБЖК ТЖДБо
Қолдану	Екі топқа бірдей бүгінгі сабақтан не үйренгендік	<i>Постер, рольдік</i> ойынды топ мүшелері бірлесе	Флипчарт, маркерлер, стикерлер.	СТОу ОБЖК ДО

	терін постерге, рольдік ойынға түсіруге тапсырма беріледі. Қарсы топтар спикерлерге қорғап тұрған жұмыстары бойынша сұрақтар қояды. Жұмыстарын қорғағаннан кейін қарсы топтар формативті бағалаудың әртүрлі түрлерін пайдалана отырып бағалайды. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы стикерге жазып бағалау.	отырып орындайды және қорғайды. Әр топ спикерлері жұмыстары н қорғаған кезде формативті бағалаудың әртүрлі түрлерін пайдалана отырып бағалайды. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы стикерге жазып бағалайды.		
Жинақтау	«Ыстық орындық»әді сін оқушыларға түсіндіру.Ор			ТЖДБО СТОу

	ындықты дайындау 1.Нумизматика ғылым нені зерттейді? (Табылған тенге, ақша жасауға қолданылған материалдар бойынша ақша айналымының тарихын зерттейтін ғылым) 2.Нумизматиканың негізін салушы? (веналық коллекционер, оқымысты И.Эккель) 3.Латын тіліндегі ақша ұғымы (пегуния) 4.Қазақстан төл ақшасын шығару үшін қай жылы тегенің үлгісін жасайтын арнайы жұмысшы тобын құрды? (1990ж) 5.Алғашқы	Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру  керек. Себебі, орындықты		
--	---	---	--	--

	ұлттық тенгелерді жасауды қай фирма қолға алды? (Ағылшынны ң «Харрисон» атты фирма) 6. Қазақстанның ұлттық валютасы қашан айналымға енгізілді? (1993ж 15 қарашада) 7.Таза алтыннан жасалған алғашқы тенге қалай аталды? (Дарик. Дарик деп аталу себебі парсы патшасы Дарий шығарды)			
Бағалау	Ашық сұрақ: -Қазақстан Республикас ының ұлттық валютасы- теңгеде	Ашық сұраққа оқушылар шама- шарқынша жауап береді. Осы	Оқулық	ТЖДБ СТОү ОБЖК

	салынған бейнелер жайлы өз пікірлерін?	кезеңде өте жақсы оқитын оқушылар анықталады. Сұраққа терең, мазмұнды, өз ойын еркін жеткізе білу керек.		
Рефлексия	«Менің пікірім» стратегиясы. I топқа өз ой-пікірлерімен сабақты бүгінгі күнмен салыстыра отырып жеткізуі тиіс II топқа тақырыпты қорытындылау мақсатында бес жол өлең шығару	Оқушылар ой-пікірлерін ортаға салады.		СТОу
Бағалау	«Блуб» ағашы парақшасын таратып, әр оқушы өзінің қай деңгейде тұрғанын белгілейді.	Оқушылар бір-бірлерін формативті бағалайды.	Бағалау парағы	ОұБжОБ

				
Үй тапсырмасы	«Ұлттық тенге-мақтанышымыз» туралы шағын эссе, Термин сөздермен жұмыс.	Шағын эссе, Термин сөздермен жұмыс. Қосымша тест		

Ұлттық теңге

Сабақтың мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменнен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамытуға жағдай жасау. Туған жеріне, отанның құрмет тұтатын жас азаматтарды сүйіспеншілігін оятуға жағдай жасау.

Сабақтың көрекілігі: Көрмеге басқа елдер ақшалары мен монеталары қойылады, слайд шоу қазақ ақшалар, кестелер, ұпай беру үшін ақшалар қолданылады

Сабақтың барысы

Оқушылардың қызығушылығын ояту. «Теңге» деген сөзге синоним табыңыздар: (теңге, тиын, ақша, валюта, қаржы, капитал).

Мұғалім: Ақша тарихын зерттейтін арнайы ғылым саласы-нумизматика деп аталады. Онда тиындар, құйма ақша кесектері, т.б. ескерткіштер (тиын мөрлері, құжаттар) арқылы тиын соғу тарихы кеңінен зерделенеді. Нумизматика ғылым ретінде XVIII ғасырдың II жартысында пайда болды, оның негізін салушы-Вена нумизматигі И.Х.Эккель. Ақшаны соғу және оны айналымға енгізу ісі ерте кезден бастау алады. Ежелгі көшпенді қазақ халқы мал, бағалы аң терілері, алтын, күміс кесектері, бағалы тауарларды тауар айналымы ретінде пайдаланған.

1-жүргізуші: Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып қай жылы сайланды?

-1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

Президент Мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілеп отырды. Әрбір егеменді елдің өзіне тән мемлекеттік рәміздері, яғни

белгілері болады. Оған Ту, Елтаңба және Әнұран жататының Сіздерге белгілі.

2-жүргізуші:

-Мемлекетіміздің Әұранның авторы кімдер?

-Мемлекетіміздің Туының авторы кім?

-Мемлекеттік Елтаңбаның авторлары кімдер? (Оқушылар жауабын тыңдалады).

1-жүргізуші: Қазақстан Республикасы-егеменді, тәуелсіз демократиялық мемлекет. Оның өзі Ата Заңы, мемлекеттік рәміздер, ұлттық валютасы бар. Ал енді оқушылар теңгетуралыне біледі екен?

1-оқушы: Белгілі археолог К.М.Байпақов жетекшілік еткен зерттеу тобының археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Отырар алқабындағы Күйік-Мардан қала жұртынан теңгелердің табылғанын, олардың VII-VIII ғасырларға жататынын және ол теңгелерде арыстан бейнесі мен таңбалардың бедерленгенін келтірген. Шамамен 704-766 жылдары көне Тараз шаһарында соғылған қола теңгелер өндірілгендіктен, Түргеш қағанатының қуатты мемлекет болғанын айтуға болады. Тарихи деректер бойынша түргештердің сауда орталықтары ежелгі Суяб пен Тараз қалашықтары болған. Қазақ жерінде ақшаны жасау ісі Қарахан әулеті тұсында қарқынды өріс алды.

2-оқушы: Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі-ұлттық валюта. Ол-Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша-асыл қазына, халық байлығы. Халқымыз теңгені бұрын да пайдаланған. Ерте замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда жасалған.

2-жүргізуші: Теңге өмірге оңайлықпен келген жоқ. Елбасымыз өз теңгемізді шығаруға қаржыгерлерге тапсырма берді. Ұлттық валютамыздың өз дизайні, өз идеясы болуы керектігін қатаң тапсырылды. Қазақстан аймағында ерте кезеңде қандай ақша болғанын, тарихта бұл жөнінде қандай деректер бары іздестірілді.

3-оқушы: Алдымен қазақстандық дизайнерлер тобы құрылған. Топтың құрамына Меңдібай Әлин, Тимур Сүлейменов, Ағымсалы Дүзелханов, Хайролла Ғабжәлелов сынды шеберлер кірген. Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеген шеберлер алдымен валютамызға атау іздеген. Әуелде «ақша», «алтын» сияқты атаулар да ойда болса керек. Бірақ көпшілігі түркі сөзі «теңгеге» ықылас білдіре бастаған. Ал қағаз ақшаға халқымызға белгілі ақын-жазушы, ғалым, ойшылдардың бейнелерін салу ұйғарылды.

4-оқушы: 1992 жылы тамыздың 27-сі Ұлттық банкте теңге купюрасының үлгілерін бекіткен дизайнерлер тобы Англияға аттанды. Елімізде ақшаны бастыратын фабрика жоқ болатын. Теңге Ұлыбританиядағы «Харрисон және оның ұлдары» деп аталатын банкнот фабрикасында басылатын болды.

1-жүргізуші: 1993 жылы 12 қарашада «Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығы шықты. Онда Қазақстан Республикасы Конституциясының (1993 ж.) 78 бабына және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 29 қазанындағы қаулысына сәйкес: «Қазақстан Республикасы аумағында 1993 жылы 15 қарашада сағат 08.00-ден Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы-теңге айналымға енгізілсін; 1993 жылғы 18 қарашада сағат 08.00-ден бастап теңге Қазақстан Республикасының заңды төлем құралына айналады. Биыл теңгеміздің айналымға шыққанына 21 жыл толып отыр.

5-оқушы:

Мен «Теңгемін, теңгемін!»

Қазақ деген елденмін.

Тәуелсіздік- тұғырым,

Жарқын менің ғұмырым!

6-оқушы:

Теңге, теңге, теңгелер,
Теңге адамға дем берер.
Тіршіліктің арбасы,
Теңгеменен дөңгелер.

2-жүргізуші: Теңгенің 16-ға жуық құпия қорғанысы белгісі бар. Теңге біздің-дербес ел болғанымыздың белгісі. Басқаның валютасына тәуелді болу барлық байлығыңды біреудің билігіне беру. Ұлттық валюта-еліміздің даму көзі, әлемдік деңгейге теңелудің алғашқы факторларының бірі. Ол барлық уақытта тәуелсіздігіміздің қамтамасыз етеді.

1-жүргізуші: Ұлттық валюта банкнот және монета түрінде айналысқа енгізілді. Банкнот-Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал монета-облысымыздың орталығы Өскемендегі Монета сарайында шығарылады.

2-жүргізуші: 1994 жылы қағаз тиындардың орнына жезден жасалынған 2, 5, 10, 20 және 50 номиналды монеталар шықты. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы наурыздағы № 2155 «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Заңының 42-бабына сәйкес, монеталар мынадай түрге бөлінеді:

- инвестициялық монеталар-инвестициялау және жинақталған ақша қаражаты объектісі болып табылатын, қымбат металдан дайындалған монеталар;
- коллекциялық монеталар-коллекциялау және жинақталған ақша қаражаты объектісі болып табылатын, қымбат металдан және қымбат емес металдан шектеулі тиражбен дайындалған мерейтойлық, ескерткіш және арнайы соғылған монеталар;
- айналыста жүретін монеталар-қымбат емес металдан дайындалған және қолма-қол айналымға арналған монеталар.

Елімізде инвестициялық монеталар «Жібек Жолы» деп аталады, олар 1996 жылы 19 ақпаннан бастап айналысқа шығарылды.

1-жүргізуші: ҚР 1995 жылғы 30 наурызда № 2155 Заңына сәйкес ҚР Ұлттық Банкі 2006 жылғы үлгідегі номиналы 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000 теңгелік банкноттары айналысқа шықты. Алдыңғы шыққан ақша мен қазіргі шыққан ақшаның арасында айырмашылықтар бар.

7-оқушы: Теңгенің орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген.Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменті ақ түспен безендірілген. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы жасыл түспен бейнеленген.Жоғары оң жақ бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген. Банкноттаның төменгі жағында ашық алақан бейнеленген. Бұл бейбітшіліктің белгісін білдіреді. Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР көлік және коммуникация министірлігінің үйі және Астанада Есіл өзені арқылы көпірде орнатылған қанатты барыстың суреті салынған.

8-оқушы: 200 теңге. Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің үйі және Астанада Есіл өзені арқылы көпірде орнатылған қанатты барыстың біреуі, артқы жағында ҚР Қорғаныс министрлігі және жайлау. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде-орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін "Подделка банкнот преследуется по закону" деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

9-оқушы: 500 теңге. Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Қаржы министрлігінің үйі, Астана қаласы әкімшілігінің үйі, артқы жағында теңіз үстіндегі шағала. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде - орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан.

Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін "Подделка банкнот преследуется по закону" деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

10-оқушы: 1000 теңге. Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында Президент мәдени орталығының үйі, артқы жағында таулар. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде - орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін "Подделка банкнот преследуется по закону" деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

11-оқушы: 2000 теңге. Негізгі бейне: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында Алматы қаласындағы Абай атындағы опера театры, артқы жағында тау өзені. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан. Жоғарыда ортасында "ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ" жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескертетін "Подделка банкнот преследуется по закону" деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

12-оқушы: 5000 теңге. Негізгі бейнелер: Қазақстан картасының контуры, Алматы қаласында орналасқан Тәуелсіздік монументінің төбесі, «Қазақстан» қонақ үйі алдыңғы көрініс, артқы көріністе Іле Алатауының таулары. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан. Жоғарғы орта тұсында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу және эмитент банктің логотипі басылған. Банкнотаны

қолдан жасағаны үшін жауапкершілікті ескертетін «Подделка банкнот преследуется по закону» деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

13-оқушы: 10000 теңге. Негізгі бейне: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында Қазақстан Республикасы Президентінің Ақорда резиденциясы, артқы жағында каньондар. Төменгі сол жақ бөлігінде және жоғарғы оң жақ бөлігінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал төменде ортада орыс тіліндегі әріптік белгі орналасқан. Жоғарыда ортасында "ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ" жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасағаны үшін жауапкершілікті ескертетін "Подделка банкнот преследуется по закону" деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғарғы сол жақ бұрышында орналасқан.

2-ші жүргізуші: «Кім жылдам» ойымызды бастайық.

1. Қазақстан Республикасының валютасы-Теңге
2. Ақшаның тұрақсыздануы, құнсыздануы-Инфляция
3. ҚҰБ банкінен басқа теңге сарайы қай қалада орналасқан-Өскемен.
4. Ресей валютасы-Рубль
5. Бір мемлекетте қабылданған ақша өлшемі-Валюта
6. Қытай валютасы-Юань
7. АҚШ валютасы-Доллар
9. Әзербайжан валютасы-Манат
10. Армения валютасы-Бран
11. Нумизматика ғылымының негізін салушы-И.Х.Эккель
12. Айырбас деген ұғым нені білдіреді-Бартер
13. Өзбекстан валютасын ата-Сом
14. Пайда, табыс табу мақсаты мен күрделі қаржының ұзақ мерзімге жұмсалуды-Инвестиция

14-Оқушы:

Түні нұрлы, ақ таңы,
Жері гүлдей бақтағы.

Ел ырысы-тайқазан,
Төл теңгеміз қақпағы.
Қазынамыз толығып,
Болсын дәйім жолы құт!
«Төл теңге-ел тірегі!»
Деп құрметтер оны жұрт.

Қорытынды (мұғалім сөзі): Жоғарыда айтылғандай, еліміздің Тәуелсіздігі мен ұлттық валюта-ажырамас ұғымдар. Ал теңгеміздің орнықты болуы, сонымен қатар, қаржы саласының тұрақты болуы тәуелсіздігімізді арттыра түсетіні хақ. Біз әлі жас мемлекетпіз. Солай бола тұрса да 25 жылда біраз жақсылыққа куә болып үлгердік. Әлі де асар асуымыз, алар белесіміз алда. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан республикамызға «Көк байрағың биіктеп, арманыңа жет, Алашым» деп тілек айтпақпыз.Тәуелсіздік таңы арайлап атып, егемендігіміз еңселі бола берсін дей келе бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Баршаңызға зор денсаулық, бейбіт өмір тілеймін. Назарларыңызға рахмет!

Тақырыбы: «Ұлттық валюта – теңге»

Сабақтың мақсаты:

1) Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі – теңгемен тереңірек таныстыру. Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру. Басқа ел валюталарымен таныстыру. Жаңадан айналымға енген ұлттық валюта, оны енгізудің қажеттілігі, безендірілуі туралы кеңірек таныстыру.

2) оқушылардың ақша туралы түсініктерін кеңейту, белсенділіктерін дамыту.

3) оқушылардың Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін ояту.

Күтілетін нәтиже: оқушылардың ұлттық валюта – теңге туралы білімдері кеңееді, Қазақстанның азаматы деген патриоттық сезімдері одан әрі жанданады.

Көрнекілігі: теңгелер бейнеленген плакаттар, кітап көрмесі, көрмеге басқа елдер ақшалары мен монеталары қойылады, слайд шоу қазақ ақшалар, кестелер, ұпай беру үшін ақшалар қолданылады.

Эпиграф: «Қазақстан теңгесі әрдайым халық игілігіне қызмет етіп, еліміздің байюына және гүлденуіне ықпал етсін» (Н. Ә. Назарбаев).

Сабақтың барысы

Шара сайыс түрінде өтеді

(қатысушылар: 2 топ, 2 жүргізуші, көрсетілімге қатысушылар)

1-жүргізуші:

Қайырлы күн, оқушылар!

«**Ұлттық валюта-теңге**» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз.

*Қазақстан Республикасының «Ән ұраны»
орындалады.*

2-жүргізуші:

Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз демократиялық мемлекет. Оның өз Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы бар.

Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы.

Ұлттық валютамыз Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 қарашадағы жарлығымен 1993 жылы 15 қараша күні таңертеңгі сағат 8:00-ден бастап енгізілді. Қазақ теңгесі Англияда басылды.

Теңгенің 16-ға жұық құпия қорғанысы, белгісі бар. Теңге – біздің дербес ел болғанымыздың белгісі. Басқаның валютасына тәуелді болу – барлық байлығыңды біреудің билігіне беру. Ұлттық валюта – еліміздің даму көзі, әлемдік деңгейге теңелудің алғашқы факторларының бірі. Ол барлық уақытта тәуелсіздігімізді қамтамасыз етеді.

«Тиыннан теңге құралады», - демекші, ақшаны үнемді пайдалану керек.

1-жүргізуші:

Құрметті оқушылар бүгінгі біздің сайысымызды бастайық.

1-тапсырма. Ортаға 2 топ оқушылары шығады, бірін-бірі таныстырады:

- *топтың аты;*
- *белгісі;*
- *ұраны.*

I бөлім: Тарихи толғау (презентация түрінде көрсетуге болады)

1-жүргізуші: Қазақстан 1991 жылдың желтоқсанында тәуелсіздігін жариялағаннан кейін өзінің нағыз дербес мемлекет екендігін паш еткен оқиғалардың бірі — төл валюта — теңгені айналымға енгізуі болды. Осы кезден бастап мемлекеттің экономикалық құрылымы түбегейлі өзгеріп, жаңадан жасақтала бастады. 1992 жылы елде төрт адамнан құралған дизайнерлер тобы жасақталды. Теңгенің авторы болу бақыты дизайнерші Тимур

Сүлейменов, қылқалам шеберлері Қайролла Ғабжалилов, Мендібай Әлин мен Ағымсалы Дүзелхановтың үлесіне тиді.

2-жүргізуші: Халқымыз теңгені бұрын да пайдаланған. Теңге атауы орта ғасырлардан бастау алады. VIII-IX ғасырларда әр билеушінің өз руының рәміздері бейнеленген теңгелері айналымда жүрді. XIV ғасырдың аяғында Қазақстан аумағында Әмір Темірдің монеталары айналыста болды.

1-жүргізуші: XVI- XVIII ғасырларда мыс тиындар қолданыста жүріп, Қазақстанның Орта Азия мемлекеттерімен және Ресеймен сауда-саттық байланыста болғанын айғақтайды. Қазақтың «тәнге» деген ақша атауынын орыстың «деньги» деген сөзі шыққан. Ерте замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда жасаған.

2-тапсырма: *Әр топқа таратпа қазақ таратылады. Тапсырма: төмендегі сұрақтарға дұрыс жауап беріңдер. Әр дұрыс жауапқа 1 ұнай*

Сөйлемдердіндұрыс, бұрыстығынынанықтандар		
	дұрыс	бұрыс
1. Қазақстанвалютасыбасқаелденәкелінеді.		
2.Ақша – халықбайлығы.		
3.Теңгеде 6-ға жуыққұпиябелгі бар.		
4. Ұлттықтеңгедербес ел болғанымыздыңбелгісі?		
5.Ұлттықвалютамыздыңдизайнынжасаушы авторлықтоптыңжетекшісіШәкенНиязбеков.		
6. Тиыннантеңгекұралады.		

7. Ұлттық валютамыз 1991 жылы 16 желтоқсанда айналымға енді.		
--	--	--

2-жүргізуші: 1992 жылы тамыздың 27-сі күні Ұлттық банк басқармасы теңге купюрасының үлгілерін бекітті. Бірінші бетінде қазақ халқының әйгілі ұлы тұлғаларының әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Шоқан, Абайдың бейнелері басылды. Екінші бетінде ою-өрнектер, табиғат көріністері бейнеленіп, елтаңбамыз салынған. Ертесіне қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Ғабжәлеловтер Англияға аттанды.

1-жүргізуші: 1993 жылдың күзінде Қазақстан ТМД елдерінің ең соңында рубль аймағынан шықты. Теңге Ұлыбританияның әлемге әйгілі әрі ең көне «Харрисон және оның ұлдары» деп аталатын банкноттық фабрикасында басылып шықты. Теңгенің 16-ға жуық құпия қорғанысы белгісі бар. Қазақстан теңгесі қазіргі ақша жасау технологиясының соңғы жетістіктеріне сүйеніп жасалған. Құпия белгіні үкінің көзімен қарасаңыз да, байқай алмайсыз.

3-тапсырма: Сұрақ-жауап сайысы

Сайысымыздың «Кім жүйрік ?» атты әр топтан топ басшылары шығып

1 минуттың ішінде 16 сұраққа жауап беруі тиіс

1. Қазақстан Республикасының валютасы- *Теңге*
2. Ақшаның тұрақсыздануы, құнсыздануы- *Инфляция*
3. ҚҰБ банкінен басқа теңге сарайы қай қалада орналасқан
— *Өскемен.*
4. Бір мемлекетте қабылданған ақша өлшемі- *Валюта*
5. Көрсетілген, белгіленген баға — *Номинал*
6. *Әзербайжан* валютасы - *Манат*
7. Қоғамда үстемдік етуші өндіріс тәсілі - *Экономика*
8. *Армения* валютасы - *Драгма*
9. Айырбас деген ұғым нені білдіреді - *Бартер*
10. Мемлекеттік банк шығаратын , айналыстағы ақша

- қызметін атқаратын билеттер - *Банкнот*
11. Бір елден екінші елге үшінші бір елдің жерін басып өту арқылы жүк тасу - *Транзит*
12. Монғолия валютасы - *Тугрик*
13. ҚР ең алғаш астанасы - *Қызылорда* (Қамыс қала, Ақмешіт)
14. Үндістан валютасы - *Рупи*
15. Алғаш монеталар қай ғасырда пайда болды - *V ғасырда ежелгі Грецияда*
16. Кез-келген тауар құнын білдіретін ерекше тауар - *Ақша*
17. Грузия валютасын ата - *Лари*
18. Пайда, табыс табу мақсаты мен күрделі қаржының ұзақ мерзімге жұмсалуы - *Инвестиция*
19. Англияның ақшасы - *евро*
20. Теңгенің бүгінгі долларға қарағанда бағамы - *1 доллар - 370 теңге*
21. Экономиканың күре тамыры - *жол*
22. Ұлттық банк төрағасы кім ? - *Акишев А*
23. Теңгенің авторлары - *Т. Сулейменов, Қ.Ғабжалилов, М.Әлін, А.Дүзелханов*
24. Теңгенің алғашқы банкнотында бейнеленген Ұлы тұлғаларды ата - *Әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Абай, Әбілхайыр, Абылайхан*
25. Ең бірінші теңге бағамы - *1 АҚШ \$ 4,75 теңге*
26. Теңгенің кешегі күнгі бағамы - *1 АҚШ \$ 3... теңге... тиын*

2-жүргізуші: Ел Президентінің Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып белгіленді.

Түні нұрлы, ақ таңы,
Жері гүлдей бақтағы.
Ел ырысы – тайқазан,
Төл теңгеміз қақпағы.
Қазынамыз толығып,
Болсын дәйім жолы құт!

«Төл теңге – ел тірегі!»

Деп құрметтер оны жұрт.

4-тапсырма: Жағдаяттар шешу.

Топ болып талқылап, жауабын сахналаңыз.

1-топ:

1-жағдай: Биылғы оқу жылында қазақ тілі оқулығы жетіспейді, базардағы оқулық бағасы 800 теңге. Анаң туыстардан оқулығыңды тауып әкелді. Бірақ оқулық ескі. Жыртық. Сен оқулықты ұстағың келіңкіремей тұр. Сенің іс-әрекетің...

2-жағдай: Сен екі ініңді бала бақшадан алып қайттың. Інілерің қарындары ашқандарын айтты. Сенде 60 теңге бар.

Балмұздақ 60 теңге, 3 алма 60 теңге, 1 қорап сағыз 60 теңге

Қай затты алар едің?

Неге?

2-топ:

1-жағдай: сенің былтырғы етігің өзіңе шақ. Бірақ оны кигің келмей тұр. Жыртық болмағанмен, ескі. Ойынды әкеңе айтып едің, әкең айлық әлі алмағанын айтты. Сенің әрекетің...?

2-

жағдай: мұғалім бүгін сағат екіде цирк болады деді. Билет бағасы – 300 теңге. Сондай-ақ информатика оқулығы 300 теңге, алмасақ болмайды, сабақ өте алмай қаламын. Не істейсің?

1-жүргізуші:

Алдыңғы шыққан ақша мен қазіргі шыққан ақшаның арасында айырмашылықтар бар. Теңгенің орталық бөлігінде «Астана-Бәйтерек» монументі бейнеленген. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменті ақ түспен безендірілген. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы жасыл түспен бейнеленген. Жоғары оң жақ бөлігінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген.

Банкноттаның төменгі жағында ашық алақан бейнеленген. Бұл бейбітшіліктің белгісін білдіреді. Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР көлік және коммуникация министірлігінің үйі және Астанада Есіл өзені арқылы көпірде орнатылған қанатты барыстың суреті салынған.

«Мен теңгемін, теңгемін» атты қойылым(оқушылар теңге түрінде киінеді)

Мен «Теңгемін, теңгемін!»

Қазақ деген елденмін.

Тәуелсіздік – тұғырым,

Жарқын менің ғұмырым!

1-оқушы:

200 теңге

Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Көлік және коммуникация министрлігінің үйі және Астанада Есіл өзені арқылы көпірде орнатылған қанатты барыстың біреуі, артқы жағында ҚР Қорғаныс министрлігі және жайлау. Сол жақ төменде оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде-орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары жағында «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі басылған. Жалған ақша жасау жауапкершілігін ескеретін ``Подделка банкнот преследуются по закону`` деген орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан.

2-оқушы:

500 теңге

Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР Қаржы министрлігінің үйі, Астана қаласы әкімшілігінің үйі, артқы жағында теңіз үстіндегі шағала. Сол жақ төменде және оң жақ үстінде банкнота номиналының сандық белгісі, ал орта жақ төменде-орыс тіліндегі әріппен белгісі орналасқан. Ортасында жоғары

«ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» жазуы және эмитент банктің логотипі орыс тіліндегі жазу ашық жердің жоғары сол жақ бұрышында орналасқан.

3-оқушы:

1000 теңге

